

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
- Abdyrachmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*
- Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*
- Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*
- Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*
- Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*
- Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*
- Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*
- Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*
- Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*
- Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*
- Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*
- Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*
- Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*
- Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ

Надырбеков Н.К.

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырлардағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айту бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды айтып кеткен. Яғни, соңғы уақыттарда біздің елде зерттелген ерте темір кезеңінің мәдениетін айқындайтын түрлі ескерткіштерден құнды көне жәдігерлердің табылуы археологиялық қазба жұмыстарының материалдары бойынша жіктемесі мен түсініктемесін, ескерткіштердің мәдени анықтамасы мен хронологиясы, оның түрлілігі сынды әлі де түйінді мәселелерді шешуге итермелейді. Сондықтан бұл мақалада біз екі бөлікке бөліп, оны тәуелсіздікке дейін және кейін зерттеген зерттеушілердің археологиялық құжат есебін қолдандық. Төмендегі мәліметтерге сәйкес мақала бастапқы да, Шығыс Қазақстан өңірінің географиялық климатын және топографиясын сипаттап өтеді. Сондай-ақ, тәуелсіз еліміздегі археологиялық қазба жұмыстарының зерттеулері аясындағы қарқынды даму гуманитарлық зерттеулерге жаратылыстану ғылымы мен техникалық ғылымның соны жетістіктерін енгізе отырып қарастыру қажеттілігін көрсетеді. Көп ұзамай осы зерттеулердің мультидисциплинарлы методикалық әдісі де жүзеге асуда.

Түйін сөздер: палеозой, гранит, экспедиция, археология, гидрография, сакральды ескерткіштер, тарих

САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

Надырбеков Н.К.

Магистрант. КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, Алматы

Аннотация. *Введение.* Первые сведения об археологических памятниках Казахстана можно найти в трудах средневековых ученых и историков, географов и путешественников. В своих работах они рассказывали о необычных вещах, образах, людях и событиях городов и поселений, которые существовали задолго до их времени, которые они видели своими глазами или были им известны. То есть обнаружение ценных древних артефактов из различных памятников, которые недавно изучали культуру раннего железного века в нашей стране, приводит к решению таких ключевых вопросов, как классификация и интерпретация археологических раскопок, определение культуры и хронологии памятников, их разнообразие. Поэтому в этой статье мы применили деление на две части и использовали археологический документ исследователей, которые изучали его до и после обретения независимости. Согласно приведенным ниже данным, в статье описывается как оригинальный, так и географический климат и топография Восточно-Казахстанской области. Также быстрое развитие археологических раскопок в нашей независимой стране свидетельствует о необходимости учитывать гуманитарные науки с внедрением новейших

достижений естественных и технических наук. Междисциплинарный методологический подход к этим исследованиям будет вскоре реализован.

Ключевые слова: Топография, голоцен, сакральные памятники, дислоция, вулкан, интрузия, гранит, палеозой, археология, гидрография.

SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN

Nadyrbekov N.K.

Master's Student of the al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty

Abstract. Introduction. The first information about the archaeological sites of Kazakhstan can be found in the works of medieval scholars and historians, geographers and travelers. In their works, they talked about unusual things, images, people, and events of cities and settlements that existed long before their time, which they saw with their own eyes or were known to them. That is, the discovery of valuable ancient artifacts from various monuments that recently studied the culture of the early Iron Age in our country leads to the solution of such key issues as the classification and interpretation of archaeological excavations, the definition of culture and chronology of monuments, their diversity. Therefore, in this article we applied the division into two parts and used the archaeological document of researchers who studied it before and after gaining the independence. According to the data below, the article describes both the original and the geographical climate and topography of the East Kazakhstan region. Also, the rapid development of archaeological excavations in our independent country indicates the need to take into account the humanities with the introduction of the latest achievements of the natural and technical sciences. An interdisciplinary methodological approach to these studies will be implemented soon.

Keywords: Topography, Holocene, sacred monuments, dislocation, volcano, intrusion, granite, Paleozoic, archeology, hydrography.

Кіріспе

Мақалада тақырыптың өзектілін ашар бүгінгі тарихымыздағы маңызды үдерістер бойынша, өткенді кіріспеде байланыстырдық. Яғни, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласына орай, зерттеліп отырған бұл мақалада қарастырылатын мәселелердің бірі, ол Шығыс Қазақстандағы сакральды ескерткіштердің зерттелуі және географиялық топографиясы жөнінде.

Яғни, «Шығыс Қазақстан – кең байтақ еліміздің інжу-маржаны іспеттес өңір. Бұл теңеу оның таңғажайып табиғатына ғана емес, барша бітім-болмысына, тамаша адамдарына да тікелей қатысты.

Шығыс Қазақстан облысы – тәуелсіз еліміздің экономикалық дамуына зор үлес қосып келе жатқан, өнеркәсібі қарыштап дамыған аймақтардың бірі. Сондай-ақ, бұл өңірде жүзден астам ұлттың басын қосып отырған Шығыс Қазақстан облысы еліміздің рухани орталықтарының бірі болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада өңірге байланысты географиялық сипаттама көрсетілген, сонымен қатар салыстырмалы түрде ерте темір дәуірінде пайда болған тайпалардың өңірге байланысты тұрмыс жағдайын, мәдениетін салыстырдық. Жазылған материалдар бойынша біз архив құжаттарымен археологиялық қазба жұмыстарының есептерімен бүгінге дейін қасиетті өңір жөнінде жазылған

кітаптарды да қолданып ондағы эмперикалық әдістеме бойынша бұл жұмыстың теориялық және тәжірибелік әдістерін көрсете білдік.

Талқылау

Бірінші кеңес уақытында зерттеген С.С. Черниковтың «Предварительный отчет о работе Восточного Казахстанской экспедиции в 1948 г. // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд. 11, опись 2, дело 120») еңбегі және қазіргі таңда зерттеп жүрген Зейнолла Самашевтың «Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана: Отчеты МОН РК, АИ, ВКАЭ, Берел (с 1998-по 2010 гг.)» атты археологиялық есептер сол кезеңдегі табылған көне жәдігерлердің қазіргі таңдағы оның сакральдылығын біршама объективті ашуға көмектеседі.

Археологиялық экспедицияларға қатысып, өзінің құжаттарында деректер қалдыра білген С.С. Черниковтың: «...Андроновтық негізде қалыптасқан қазақтардың антропологиялық типі Шығыс Қазақстанда анық байқалады, ал пазырықтықтар мен қазақтардың ою-өрнектерінің ұқсастығы қандай да болмасын тайпалар мен рулардың жылжуына қарамастан Қазақ халқының мәдени тамыры осы уақытқа дейін емес, тіпті ежелгі кезге дейін кетеді» - деген қорытынды пікіріне толықтай қосыламыз.

Сондай-ақ В.Г. Никитин мен С.С. Черников Жоғарғы Ертіс ауданында ерте темір дәуіріне жататын археологиялық ескерткіштерді тіркеуге алу жұмыстарын жүргізді. Жорамалдап келгенде, Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясын С.С. Черников 1947 жылы құрған уақыттан бастап кейбір үзілістерін санамағанда өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басына дейін басқарды. Соғысқа дейінгі 1935-1937 жылдардың өзінде-ақ зерттеушінің басты назары көне кен орындарын іздестіру, археологиялық барлау мен стационарлық қазба жұмыстарына және шешуін күтпейтін күрделі мәселелер мен ірі ескерткіштерді жүйелі түрде зерттеуге бағытталды. Жартас суреттері де ғалым назарынан тыс қалмады (Черников 1947: 282).

XX ғасырдағы Азамат соғысы біткеннен кейін, Кеңестік жүйе көненің көзі болып табылатын ескерткіштерді қорғауға, іздеп табуға, есепке алуға көңіл бөле бастады. Әсіресе адамзаттың өткен тарихын зерттеумен шұғылданатын кеңес археологтары тек қорғандарда қазу жұмыстарын жүргізіп қоймай, сонымен қатар қоныстарды, көне бұйымдарды да зерттеуге үлкен мән берді. Осы аймақта кеңес археологтарынан бірінші болып 1927 жылы С.И. Руденко Катонқарағайдың жанында 3 қорғанды аршып, зерттеді (Руденко 1930: 146-148). Бұл жылы С.И. Руденконың Семей қаласынан шығыстағы Вавилов ауылы маңынан ж.с.д. V-IV ғасырларға жататын қорғанды қазғанда қоламен әшекейленген тері белдік, темір қанжар, тас қайрақ, темір ілмек, қола айна, үш қырлы ұңғылы, бес қола жебе ұшы, алтыннан жасалған мойын әшекей және тұмсығы иіріле келген жыртқыш құс басы түріндегі алтын пластиналар сынды ақыреттік заттарды тауып, қорған құрылысын анықтаған болатын (Киселев 1974: 157-172).

Кейіннен Шығыс Қазақстандағы жүйелі археологиялық зерттеу жұмыстары 1935 жылы КСРО Ғылым Академиясының Материалдық Мәдениет тарихының институты, Қазақ ҒА филиалы Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының қызметінен басталады. Экспедицияны КСРО-ға Материалдық Мәдениет институтының аға ғылыми қызметкері С.С. Черников басқарады. С.С. Черниковтың, ғылыми ізденістері әлемдік қола мәдениеті ошақтарының ірі орталықтарының бірі – Шығыс Қазақстанның Қалба, Нарым жоталарындағы ежелгі адамдардың мыс, қалайы, алтын кен орындарын зерттеуден басталды. Осынау 1935 жылдан басталған тың зерттеу жұмыстарын Ұлы Отан соғысы аяқтатпады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде археологиялық ізденістердің қанат жаюына шектеу қойды. Алайда бұл олқылықтың орны соғыстан кейінгі жылдары толық бастады. Мысалы, әскер қатарынан босағаннан кейін ғылымға оралған С.С. Черников «Батыс Алтайдың металлургиясы мен тау-кен ісі» атты монографиялық еңбегін аяқтап, оны 1947 жылы кандидаттық диссертация ретінде сәтті қорғап

шықты (Черников С.С 1949: 112). Яғни, бұл экспедиция 1957 жылдарға дейін үздіксіз археологиялық барлау, қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция негізінен, Нарым және Қалба тау жоталарындағы тау-кен орындарын зерттеуді басты нысан ретінде тандап алған еді (Черников 1960: 12).

Сондай-ақ өткен ғасырдың 90 жылдарының бас кезінде К.М. Байпақов, В.Ф. Зайберт, В.Н. Логвин, Ж.Қ. Таймағамбетов, З.С. Самашев, т.б. мамандардың іргелі ізденістері бірнеше кітап болып шыққан болатын, уақыт өте келе археологтар жаңа мәліметтер негізінде бірнеше еңбектер жариялап үлгерді. Жартас суреттеріне қатысты бірнеше іргелі еңбектер жарыққа шықты (А.Н. Марьяшев, А. Горячев, В. Новоженев, т.б.). Ол көне мәдениет туындыларын біршама толымды түрде сипаттауға жол ашты. Соңғы жылдардағы мәліметтер негізінде қола дәуіріне жататын беғазы-дәндібай кешендері жайлы монография жарық көрді (А.З. Бейсенов, т.б.). Оған дейін жарық көрген Э.Р. Усманова, С. Жауымбаевтың монографиялары қола дәуірін зерделеуге тың серпін берген еді. Ерте темір дәуірінің сауалдарына қатысты бірқатар ізденістер шықты (К.М. Байпақов, З. Самашев, т.б.). Берел қорымындағы көптеген материалдар негізінде бірнеше іргелі еңбектер жарияланды (З.С. Самашев, т.б.). Тас дәуірінің зерттелуін, негізгі мәселелерін қарастырған еңбек жарыққа шықты (Ж.Қ. Таймағамбетов, Д.С. Байгунаков). Сонымен қатар қола дәуіріне жататын ескерткіштердің зерттелуін бір ізге түсірген, кейбір мәселелерін қаузаған тарихнамалық бағыттағы монография да жарық көрді (Ж.Қ. Құрманқұлов, Д.С. Байгунаков). Альбом-каталогтар, тақырыптық альбомда, т.б. да шығып тұрады. Белгілі бір өңірдің археологиясына, тарихы мен этнологиясына арналған жинақтар да соңғы жылдары көптеп шығып отыр. Сайып келгенде, Қазақстан археологтары тас дәуірінен кейінгі орта ғасырларға дейінгі аралықтағы түрлі мәселелерді қозғап, отандық тарихнамаға мол үлес қосты.

Нәтижелері

Осындай тамаша табиғатта ежелден ортағасырға дейінгі аралықта мекен еткен көшпелі мемлекеттердің бізге қалдырған мәдени мұрасын, олардың зерттелуін екі кезеңге бөлуге болады. Әрине бірінші кезең уақыты: Алтай – Тарбағатай аралығы мен ерте темір дәуірінің Кеңес дәуірі тұсында зерттелуі.

Ал екінші кезең; Алтай – Тарбағатай аралығы және ерте темір дәуірінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттелуі.

Шығыс Қазақстанның ежелгі тарихы, әсіресе ежелгі көшпелілер дәуірі салыстырмалы түрде алғанда өте аз зерттелген. Бұл осы облыстағы археологиялық зерттеу жұмыстарының өте кеш басталуымен тығыз байланысты. Соғыс жылдарынан кейінгі 1947 жылдан бастап Шығыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер жүйелі сипатқа ие бола бастайды (Черников С.С 1951: 64-81. 1948: Архив ИА КН МОН РК. – Фонд. 11, опись 2, дело 120).

Ал, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Алтай-тау тізбегінің оңтүстік-батыс бөлігінде жатқан жан-жағын тау жоталары қоршаған ерте темір және түрік дәуірінің Майемер қорғандарында З.С. Самашев басқарған Қазақ-Француз экспедициясы зерттеу жұмыстарын бастады (Самашев 1998: 155-160).

Жалпы тәуелсіздік алғаннан кейін археологиялық қазба жұмыстары қарқын ала бастады. Оған дәлел 1998 жылдан бастап З.С. Самашев басқарған экспедиция қазірге дейінгі көптеген ерте темір және түрік дәуірінің қорғандары бар Шығыс Қазақстан облысы, Катон-Қарағай ауданының, Берел ауылындағы, Берел қорғанын зерттеп келетіні анық. Енді біз білетін әлемге әйгілі жәдігерлердің бірі ол № 11 қорғаннан табылған әйел мен еркек мүрделері, сонымен қатар ол жерде З.С. Самашев басқарған экспедициялардың бірінде ат әбзелдері мен 13 жирен жылқы және көптеген әртүрлі тотем бейнесінде жасалған бұйымдар т.б. көне жәдігерлер табылды (Омаров 2009: 89, Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана: Отчеты МОН РК, АИ, ВКАЭ, Берел

(с 1998-по 2010).

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша, Шығыс Қазақстан өңірі табиғи орта көне заман тарихын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Өйткені кез келген әлеуметтік қоғам өз дамуында қоршаған дүниемен немесе табиғи ортамен тығыз байланыста дамиды. Жекелеген мәдениеттер мен тарихи ескерткіштердің даму дәрежесіне табиғи орта тікелей әсерін тигізіп отыратындықтан ғалымдардың басым көпшілігі осы проблемаға үнемі тоқталып отырады. Қоршаған орта адам баласының мәдени дамуына ғана емес, сонымен қатар оның кескін-келбетіне де, өзіндік біртуар дүниелерінің қалыптасуына да ықпалы бар деуге болады.

Қазіргі уақытта әртүрлі өзгерістер барысында, тарих ғылымының зерттеулер аумағындағы деректер жүйесін қайта екішеп және оның көптеген зерттеу әдістерін жоғары деңгейде жетілдіріп, бірқызығы жаңа түсініктер қалыптастыруды, яғни кеңес заманында зерттелген мәселелерді жаңаша талаптар тұрғысынан қарастыруды талап етіп отыр екен. Өйткені, осы жағдайға байланысты ең алдымен көршілес Қытай, Маңғолия және Ресеймен шекаралас шектесетін аймақта орналасқан археологиялық ескерткіштерімізді тыңғылықты зерттеу қазірде біздің пікірімізше кезек күттірмес өзекті тақырып. Негізі Шығыс Қазақстанның тарихи топографиясына зер салар болсақ, ондағы тарихи сана мен ұлттық таным көкжиегі кеңейе бастаған тұста ел тарихының жеткіліксіз зерттелген дәуірінің бірі – Алтай-Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірін объективтік шындық тұрғысынан зерттеу жұмыстың арқауы болып отыр.

Ал Шығыс Қазақстанның географиялық топографиясына сипаттама беретін болсақ, ондағы ерекшеліктердің бірі – табиғи географиялық жағдайы әртүрлі болып келетін Қазақстанның кең даласында, әрбір тарихи кезеңдерде тұрмыс тіршілігі әртүрлі халықтар өмір сүргендігі белгілі. Яғни, Қазақстан территориясында шаруашылықтары бір болғанымен, діни ғұрыптық салт-санасы әртүрлі ежелгі сақ тайпалар одағына біріккен халықтар тіршілік еткен. Біздің елдегі ежелгі тарих пен мәдениеттің тарихи географиялық шекарасы қазіргі республикамыздың саяси шекарасымен шектелмейді. Себебі, біз қарастырып отырған ерте темір дәуіріндегі Қазақстанның шығысы мен Батыс, солтүстік Шыңжаң аймағында антикалық және Қытай жазба деректері бойынша ондағы патшалық тиграхауда сақтары және «алтын қорыған грифтер» елі, үйсін тайпалары өмір сүрген деседі. Атап атқанда, Қазақ тарихы және мәдениетінің негізгі тамыры терең жатқанына дәлел, ол осы Шығыс Қазақстанда орналасқан қорғандардың қыстау мен жайлауға барар жолдарда ұзақ уақыт бойы бір аумаққа жүйелі түрде тұрғызылғанын және жерлеу құрлыстары мен жерлеу тәсілдерінің, тұтыну бұйымдары мен қару-жарақтарының ұқсас келуі сол ескерткіштерді қалдырған тұрғындардың этникалық, мәдени және т.б. саласынан бізге хабар беретіні анық.

Сондай-ақ, ж.с.д. I мыңжылдықтың бас уақытында, негізгі табиғи ортада да өзгерістердің аз болмағандығы туралы, соңғы жылдары мамандар тарапынан көтеріліп жүргені мәлім.

Өйткені, сақ дәуірі жататын голоценнің субатлантикалық кезеңінде ауа райы барлық өңірлерде де бірдей болмағандығын көруге болады. Осылайша осы қарастырылып отырған кезеңдегі табиғат жағдайларының белгілі бір аудандарда өзіндік ерекшеліктері болғандығын аңғартады. Яғни мамандардың айтуынша, оның алдындағы субареалды кезең Еуразия үшін салыстырмалы түрде салқынырақ болған еді. Әрине атлантикадан алыс болғандықтан Алтай мен Батыс Сібір аумағында ауа құрғақ болды. Мәселен, бұған Иткөл көлі терассаларындағы әктас шөгінділері дәлел бола алады. Себебі ол құрғақ климатты көрсететін бірден-бір индикатор болып табылады. Атап айтқанда, оның радиокөміртекті сараптама бойынша жасы 3660±75 (СОАН-2192) жылдармен анықталды (Пекевич М.В 1971: 213)

Бірақ ж.с.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Атлантиканың ықпалы өсе түскендігі байқалады. Ол Оңтүстік Батыс Сібір мен Алтайда климаттың жылыуынан, қыстық және жаздық жауын-шашын мөлшерінің көбеюінен нақты көрініс табады.

Осы уақытта Таулы Алтайға ылғалды және жылы циклондар батыстан ашық кең өзен алқаптары арқылы тереңірек енді. Оған Бұқтырма, Үлбі, Урсул, Көксу, Қатын (Уймон қазаншұңқыры), Чарыш өзен алқаптары секілді гидрографикалық тораптар өзіндік әсерін тигізген еді.

Сондай-ақ мұндағы тау алқаптарының климаты субатлантикалық кезеңнің жылы фазаларында қазіргіге қарағанда біршама ылғалды болды. Бірақ бұлттылықтан және жылудың көбі булануға кетуінен орташа жаздық температура қазіргіден жоғары бола қоймаған. Бұндай климаттық жағдай тау беткейлері мен өзен терассаларында өте бай жайылымдардың қалыптасуына жағдай жасады.

Яғни, қыс кездеріндегі жауын-шашынның да мөлшері қазіргіден көбірек болды. Бірақ таулы жерлерге тән күн радиациясының күштілігі (ауаның тазалығынан және топосфера қабатының жұқалығынан) қыс кезінде қардың жақсы булануына жағдай жасады. Мысалы: қазір Чуй даласындағы қалыңдығы 100-130 мм қар түгелдей дерлік буланып кететін еді.

Таулы алқаптардағы қардың булануы қар қабатының жұқаруына әкеледі. Ал ол үй жануарларының қар астындағы шөпті аршып жеуін оңайлатады. Сондықтан да бұл жерлердегі тау бөктерлеріндегі бай жайылымдарда малды жыл он екі ай бағуға болатын еді. Ежелгі көшпелілерді қызықтырған да осы жайт сияқты.

Сақ дәуіріндегі немесе геологиялық кезеңдестіру негізінде айтар болсақ, голоценнің соңғы кезеңінде Шығыс Қазақстанның климаты шаруашылық қаракеттерге өте қолайлы, ауа-райы біршама қоңыржай болды. Әрине мұндай климат мал шаруашылығының дамуына сақтардың тау жүйесіне тарала қоныстануына, тіпті орташа биіктіктегі таулардың кең жайылымдарына жаппай орналасуына жағдай жасады.

Жалпы алғанда, Шығыс Қазақстан өңірі табиғи жағынан алып қарағанда еліміздегі ең бір қызық та ерекше аудандарының бірі болып табылады. Ол әлемдік тарихнамада өзінің сарқылмас табиғи байлықтарымен, кен көздерімен ғана емес, сонымен қатар бірегей тарихи мәдени ескерткіштермен белгілі. Осы тарихи ескерткіштердің қалыптасып дамуына ауа райы да, таби орта да тиісті дәрежеде өз әсерін тигізетіні анық.

Шығыс Қазақстан географиялық жағынан алып қарағанда шығыс ендікте 76-87° аралығы мен солтүстік бойлықта 47-51° аралығында орналасқан үлкен аумақ болып табылады. Өлкенің шекерасы, негізінен, әкімшілік жағынан бірнеше бөлікке бөлініп отыр: солтүстінде – Ресей Федерациясының Алтай өңірі, шығыс, оңтүстік шығысы – Қытай Халық Республикасымен шектесе, ал оңтүстік-батысы республиканың Алакөл және Сасықкөл көлдеріне дейінгі аралыққа созылады екен. Яғни, мамандар тарапынан Шығыс Қазақстан өз кезегінде Кенді Алтай, Оңтүстік Алтай, Зайсан қазаншұңқыры, Сауыр-Тарбағатай, Шыңғыстау Аякөз-Көкпекті сынды бірнеше тарихи мәдени аудандарға бөлінеді. Олардың әрқайсысы белгілі бір мәдени-тарихи кезеңдерде осында тіршілік еткен тайпалар мен халықтардың тыныс-тіршілігінде маңызды рөл атқарды.

Әсіресе Шығыс Қазақстан жер бедері құрамына өзіндік ерекшеліктер беріп тұратын бірнеше аудандар бар. Зерттеушілердің пайымдауынша, Кенді Алтай мен Оңтүстік Алтай және Сауыр-Тарбағатай тау жоталары мен тауаралық Зайсан ойпаты сияқты ірі топографиялық орталықтар ежелден-ақ мәдени-тарихи дамуды бастан кешіргені мәлім.

Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысы емдік минералды суға бай екенін білеміз. Пайдаланылатын емдік 4 кен орнының қоры бекітілген. Олар: Рахман қайнары (тәулігіне 250 м3), Арасан-Талды (370 м3) Барлық-Арасан (340 м3) және құмыраларға құйылатын емдік-асханалық Жеменей суы.

Ал бұрынғы ғасырдан белгілі бұл Алтай өңірі қайталанбас бірегей ландшафтық өлкесімен және өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен белгілі аймақ. Облыс аумағында қатаң Сібір аязы мен Орт. Азияның ыстық, әрі қуаң климаты түйіскен. Тауда биіктік белдеулері айқын ажыратылады.

Онда тау алдының құрғақ дала белдемі мен орман алқабы субальпілік және альпілік шалғындарға, таулы тайга мен қарлы белдемге алмасады.

Жобалап айтар болсақ, мәдени-тарихи дамуға мейлінше әсерін тигізген оңтүстік Сібірдегі ең биік таулы аймақ – Алтай тау аймағы болып табылады әрине. Шығыс Қазақстан Алтайы өз кезегінде Алтай тау жүйесінің оңтүстік, оңтүстік батыс бөлігін алып жатыр. Қазіргі таңда Укок жазық таулы аймағы мен Бұқтырма аңғарынан оңтүстікте Нарым, Сарымсақты, Оңтүстік Алтай тау жоталары орналасқан тау жоталары – Оңтүстік Алтай (абсолюттік биіктігі – 3000 м) деп аталынды.

Оңтүстік Алтай өз кезегінде Кенді Алтайдан ені 5-15 км, ендік бойымен 150-170 шақырымға созылған тауаралық Нарым-Бұқтырма ойпаты арқылы бөлінеді. Ойпатты меридиональды түрде бірнеше ұсақ қазаншұңқырлар (Шыңғыстай, Сарымсақты, Медведка, Жоғары Нарым) қоршап жатыр. Атап айтқанда, Оңтүстік Алтай мен Марқакөл, Жоғарғы Қарақаба, Бобровка, Орловка және т.б. тауаралық ойпаттар арқылы бөлінген, ендік бойымен созылған тау жоталары жүйелерінен тұрады. Яғни, жоталардың ерекшелігіне солтүстік баурайының тік және оңтүстік баурайларының ұзын да жайпақ болып келуі тән.

Сондай-ақ Алтайдан оңтүстікке қарай кең байтақ Зайсан қазаншұңқыры жатыр. Оның оңтүстігінде Тарбағатай, Сауыр жоталары бар. Тарбағатай-Зайсан және Балхаш-Алакөл қазан шұңқырлары арасындағы су айрық жота. Абсолюттік биіктігі: 2991 м (Тастау). Жота ендік бағытта батыстан шығысқа қарай 300 км-ге созылып жатыр, ені 30-50 км, шығысында Сауыр жотасына ұласады. Палеозойлық шөгінді тақта тас, әк тасынан, перьм, тас көмір, девонның құм тасынан, батыс бөлігі силур және кембрий дәуірінің күшті дисклоцияланған вулканогендік интрузиялы гранитінен түзілген. Солтүстік беткейі оңтүстікке қарағанда жатықтау, оңтүстігі тік шатқалды болып келеді.

Ал жотадағы палеозойлық әк тастардан карст құбылыстары нақты байқалады. Өңірдің климаты континенттік екендігін көпшілік мамандар айтып та жүр. Өсімдік және жануарлар дүниесі жағынан Алтайға ұқсас. Етегіндегі шөлейтте жусанды бетеге, бұта, тау аралық аңғарда тау шалғыны және көк терек, жабайы алма, тобылғы, арша, солтүстік беткеінде тал басым өседі. Марал, тау ешкі, арқар, қасқыр, аю, түлкі, борсық, қарсақ, суыр, қоян, жабайы үйрек сынды жан-жануарлар мекендейді. Жоғары бөлігіндегі альпы шалғыны – жазғы жайылым (ҚСЭ Бас редакциясы 1972: 648). Негізі мұндағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі бірнеше мыңжылдықтар бойы сақталып келгендігін далалық ізденістер де аңартып отырғаны анық әрине. Бірақ археологиялық зерттеулер барысында алынған сан алуан мағлұматтар бұл аймақ еліміздің Алтай тау жүйесін, оған жалғасып жатқан кең далалық жазықты алып жатқандығын, оның кең өрісті жайылымдарға, тарам-тарам өзендерге, табиғи қазба байлықтарға кенде еместігін, ал мұның өз кезегінде адам баласының тіршілігіне қолайлы өлке екендігін аңғартады.

Яғни, көне дәуір кезінен-ақ климаты, фауналық-флоралық дүниесі қазіргі кезге сай келгендігі мамандар тарапынан айтылып келеді. Осы өлкенің физикалық-географиялық қолайлы жағдайы ықылым заманнан алғашқы адамдардың өмір сүруіне тиімді болғандығын көрсетеді.

Осы өңірдегі табиғатқа, мәдени дамуға және шаруашылыққа өзен көлдер де өзіндік әсерін тигізген. Әуелгі ерте темір дәуірі ескерткіштерінің едәуір бөлігі Шығыс Қазақстанның ең басты су артериясы – Ертіс өзенінің аңғарларында орналасқан. Оның сол жақ жағалауындағы қорымдар Қалба жотасының солтүстік және оңтүстік баурайларында шоғырланған. Ал одан әрі оңтүстік батысқа Шыңғыстауға және Тарбағатайдың батыс аудандарына дейін созылса, өлкенің оңтүстігінде олар Зайсан ойпатында таралған.

Сондай-ақ өңірдегі қалба жотасы Оңтүстік Алтайдың бастысында Ертістің өзені арқылы бөлініп, Нарымның Ертіске құяр тұсынан басталып батыста Шар өзені аңғарына дейін ұзындығы – 400 км, ені – 120 км жерді алып жатыр. Ең жоғарғы биіктігі етегінде 400 метрден басталып, орта

тұсында 1600 метрге дейін жетеді. Қалба жотасында аласа таулар кең дамыған. Әсіресе батыс бөлігінде жаппай белдеуді құрайтын жон-арқарлар көп екенін байқауға болады. Жотаның шығыс баурайлары тік болып келеді. Жанынан қараған адамға өте әдемі көрінеді. Негізі Шығыс Қазақстанның табиғаты Батыс Еуропаның кеңінен айтылып жүрген тауларының жанында салыстыруға лайық екені анық («Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы 2003: 719)

Қазіргі таңға дейінгі өткен кезеңдерден бері Қазақстан аумағы секілді ұлан-байтақ далада түрлі халықтар мекен етіп, түрлі археологиялық мәдениеттерді қалдырғандығы белгілі. Бірқызығы кейбір зерттеушілер осы уақытта өмір сүрген ру тайпаларды, халықтарды қазақ ұлтымен байланыстырғысы келмейді, олардың арасын алшақтатуға ұмтылады. Себебі, бұл жердегі халықтардың тарихы қазақ тарихымен тікелей байланысты және кез-келген мәдениет қазақ халқының қалыптасу белесіндегі бір мәдени қатпарды құрайды. Әсіресе ерте темір дәуіріндегі халықтардың біразы ұлтымыздың басты да мәнді өзегін құрады, оның негізгі ұйытқысы болды.

Ал, Шығыс Қазақстан ерте көшпелілерінің басым бөлігі еуропаидтық, ал кейіннен мұнда шығыстық монғолоидтық раса тармағының қоспасы пайда бола бастағандығын соңғы антропологиялық зерттеулер дәлелдей түсуде.

Осылайша, құрамына Ульба Ивановский, Уба, Көксу, Тегерецкий және Қазақстан жеріне өзінің батыс бөлігімен кіріп жатқан Листвяга, Холзун және Орталық Алтай т.б. ірі тау жоталары енетін, Ертістің оң жағалауындағы, оңтүстік-шығыста Нарым өзенінің, ал солтүстік-батыста Уба өзенінің Ертіске Құяр сағаларының аралығындағы тау жота жүйелері орналасқан жерлер – Кенді Алтай таулы аймағы деп аталады. Ең жоғарғы биіктіктері – 2599 м (Линейный Белок) мен 2776 м (Ивановский Белок). Кенді Алтайдың аласа жерлері (500-700 м) солтүстік-батыс бөлігіне тән. Жеке биіктіктер немесе жоталардың аралығында алаңы 3-10 шаршы шақырымға жететін Зырян (Алтай), Бородиская және Лениногор сынды тауаралық ойпаттар кездеседі.

Қазақстан аумағындағы Алтай таулары саз, кремний тақта тасы мен құмдақтан тұратын жоғарғы палеозой жыныстарынан құралған. Кенді Алтай – көпметалды кендердің (қалайы, қорғасын, мырыш, мыс, вольфрам, күміс, сынап және т.б.) қазынасы саналады. Нарым мен Күршім тау жоталары аумағында алтын мен сирек кездесетін металдардың бай қоры болса, ал Қалба тауы қалайы мен вольфрам кеніштеріне бай.

Шығыс Қазақстан Алтайының ауа райы континенталды болып келетіндігі мамандар тарапынан әлденеше рет көрсетілген. Көршілес Сібір аудандарымен салыстырғанда жаз мұнда салқын, қыс біршама жылы, жауын-шашын мөлшерден көбірек. Оған Ертіс өзені алабының да тигізіп келе жатқан табиғи әсері де белгілі.

Сондай-ақ Сауыр-Тарбағатай таулы аймағы табиғи жағдайы бойынша Алтай мен Тянь-Шань таулары аралығын алып жатыр. Бірақ оның ландшафты Орталық Азияға қарағанда Сібір, Монғолия аумағындағы ландшафтқа ұқсас болып келеді. Екі жота да Зайсан ойпатының оңтүстігінде батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Бұл өңір Оңтүстік Алтайдан жауын-шашын түсімінің аз болуымен екеуінде ерекшеліктер мен айырмашылықтар бар. Тарбағатайда далалық ландшафт басым болса, Сауырда таулы-орманды және жайылымды-далалық ландшафт басымырақ деп салыстыруға болады. Яғни, батыстан шығысқа қарай созылған Тарбағатай жотасы 300 шақырымға жетеді, оның ені 30-50 шақырым аралығында. Қазақстан жағына шығыста Хабарасу асуынан Аягөз өзеніне дейінгі 180 шақырымдық батыс бөлігі енеді. Мұнда далалық ландшафт басым, тау жотасының солтүстік баурайларында альпі жайылымдығы бар. Жотаның оңтүстік баурайында бұталы өсімдікті дала кең таралған. Мұндай мәліметтерді ерте темір дәуіріне жататын ақпараттардан да кездестіреміз.

Сауырда Қазақстан өңірлерінің барлығына танымал балқарағайлы орман бар екені бәріне мәлім. Бұл аймақтағы балқарағайлар Шілікті аңғарындағы ежелден таныс болғандығын,

Бәйгетөбе, т.б. қорғандардан аршып алынған құрылыс қалдықтары да растайды. Жалпы алғанда, Сауыр және Маңырақ Зайсан мен Шілікті тауаралық ойпаттарының аралығында жатыр, оның ең биік жері 3816 м болатын Мұзтау саналады. Бір бөлігі ҚХР аумағында жатқан Сауырдың Қазақстан жеріндегі ұзындығы 30 шақырым және жоталары аласара келіп, Маңырақ жоталарына ұқсас екенін байқауға болады. Сауыр жоталарының оңтүстік баурайы қысқа да тік болса, солтүстігі ұзын және жайпақ болып келеді. Ірі орфографиялық бірліктерден Сайхан тау сілемі, Кендрлік ойпаңы мен Ақкөз ойпаты да ерекшеленеді. Шілікті тауаралық ойпатының шығысында Шат-Қызылқұм таулары орналасқан және ойпаттың орталық бөлігі аллювальды (тұнбалы) жазықты (ҚСЭ Бас редакциясы 1972: 648).

Ерте темір дәуірін гидрографиялық нысандар қазіргіге қарағанда әлдеқайда көлемді болғандығы белгілі. Олардың барлығы өңірдегі мәдени-тарихи дамуда ерекше рөл атқарған. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан көлдерінің басым бөлігі зерттеліп отырған аймақтың солтүстік, солтүстік – шығыс бөлігінде орналасқандығы белгілі болып отыр. Себебі, Аблайкит-Себі көлдер тобы (Қоржынкөл, Шалқаркөл, Төртқаракөл, Құнакөл және т.б.), Черновое, Марқакөл, Язевое, Рахман, Бұқтырма, Казнаковка, Тақыркөл, Мұңдықсор және т.б. ірі көлдер өзен аңғарлары мен тауаралық ойпаттарда орналасқан. Бұлардың қастарынан, әрі төңірегінен тарихи ескерткіштер анықталған. Ежелгі дәуірге жататын ескерткіштердің бұл аймақта көп болуы ілкі замандардағы тұрғындарды қызықтырғандығын айғақтайды («Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы 2007: 686).

